

Жем қаласының №5 жалпы білім беретін орта мектебі

**Мектеп психологінің 2024-2025 оқу жылы бойынша
психологиялық қызметтің ұйымдастырылуы туралы есебі**

Жем қаласының №5 ЖББО мектебінде 2024-2025 оқу жылына жылдық жоспары құрылып, бекітілді.

Білім беру ұйымының психологиялық қызметінің жұмысы 5 негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады:

- I Диагностикалық
- II Консультациялық
- III Дамыту (коррекциялық).
- IV Психологиялық-педагогикалық ағарту.
- V Ұйымдастыру - әдістемелік жұмыс.

Мақсаты: Білім алушыларды табысты оқыту, дамыту, әлеуметтендіру және кәсіби білім беру траекториясын саналы таңдауды қалыптастыру үшін психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік жағдайлар жасауға бағытталған психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүйелі ұйымдастыру.

Міндеттері:

1) Оқыту процесінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму жағдайын психологиялық-педагогикалық талдау, негізгі проблемалар мен олардың туындау себептерін анықтау, оларды шешу құралдарын айқындау, сондай-ақ ұжымның педагогикалық қызметі үшін қауіпсіз орта құру;

2) оқу процесінде баланың психологиялық-педагогикалық мәртебесін және оның психологиялық даму динамикасын мониторингтеу; білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу қызметін дараландыруға жәрдемдесу;

3) білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту нәтижелеріне қойылатын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын орындауға жәрдемдесу болып табылады;

4) әлеуметтік қауіпсіздік, психологиялық денсаулық проблемаларын еңсеруге және деструктивті мінез-құлық нысандарының алдын алуға, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді бейімдеу, оқыту және тәрбиелеу қиындықтарына бағытталған жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;

5) жаңа әлеуметтік тәжірибені саналы және белсенді түрде беру арқылы білім алушылар мен тәрбиеленушілердің бойында өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге әмбебап оқу дағдыларын қалыптастыру мен қабілеттерін дамытуға жәрдемдесу болып табылады;

6) білім беру процесіне қатысушыларға, олардың жеке құқықтарына қысым жасамай, өзара көмек, эмпатия, жауапкершілік, өзіне сенімділік, шешім қабылдау қабілеті, белсенді әлеуметтік өзара іс-қимыл қағидаттарын тәрбиелеу мен қалыптастыруға жәрдемдесу болып табылады;

7) Білім беру ұйымының психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік қолдау саласындағы ғылыми және практикаға бағдарланған жетістіктерін тарату және практикаға енгізу болып табылады;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оларды әлеуметтендірудің тиімді жағдайларын жасау үшін білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу көрсететін педагогтер мен мамандардың пәнаралық, командалық өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

9) білім беру ұйымының алқалы органдарымен және білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, Ішкі істер мүдделі органдарымен өзара іс-қимыл жасау болып табылады.

№	Жалпы оқушы саны	Мектепішілік есепте тұрған оқушы	Діни бағытты ұстанатын оқушы	Келеңсіз отбасы	Инклюзив	Аудандық есепте тұрған оқушы
1	168	45	-	-	1	-

Жылдық жоспарға сәйкес қыркүйек айында төмендегідей жұмыстар жүргізілді.

2 қыркүйек күні ата-аналар жиналысы өткізіліп, әр ата-анадан психологиялық сүйемелдеуге келісім алынды. Барлық сынып бойынша 168 оқушының ата-анасы психологиялық сүйемелдеуге келісім берді. Келісім бермеген ата-ана болған жоқ.



4қыркүйек күні сынып жетекшілермен бірлесе отырып, «Тәуекел топ» оқушыларының тізімі жасақталды. «Тәуекел топ» 4 кретирий бойынша жасалды.

1. Физиологиялық -1
2. Әлеуметтік- 42
3. Оқу-педагогикалық-2
4. Қылықты критериялы-0

9 қыркүйек күні 1сынып ата-аналарынан «Балаңыз мектепке дайын ба?» сауалнамасы алынып, нәтижесі шығарылды.

Мақсаты: бірінші сыныпқа келген оқушы туралы ақпарат алу

Сауалнама нәтижесі төмендегідей қорытындыланды.

Қатысқан ата-ана саны: 13

15-18 балл- сіздің балаңыз мектепке дайын деуге болады. Сіз онымен уақытыңызды текке кетірімсіз, егер мектепте қандай да бір қиындықтар кезіксе- ол тез шешілетін мәселе.	10-14 балл- сіз дұрыс жолдасыз, балаңыз көп нәрсені үйреніп қалды, ал сіздің ол сұрақтарға жауап бермеуіңіз- әлі де біраз тер төгу керек дегенді білдіреді.	9 және одан да төмен балаңызға арнайы әдебиеттерді көп оқып беріңіз, оған уақытыңызды көбірек бөліңіз және балаңыздың нені істей алмайтынын біліп, соны алып кетуіне көмектесіңіз.
4 ата-ана	8 ата-ана	1 ата-ана

10 қыркүйек күні 5сынып оқушыларымен «Бірінші рет 5 сыныпқа» тақырыбында тренинг өткізілді.

Мақсаты: 5 сыныпта оқушыларына жаңа оқу жылына сәтті бейімделуіне әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау; мен-концепциясы, нақты өзі-өзі бағалау мен төмен мектеп дербестігі арқылы тұрақты оқу мотивациясың қалыптастыру. Құрдастармен, мұғалімдермен қарым-қатынас жасауға қажетті балаларының әлеуметтік және коммуникативтік икемділіктерін дамыту.

12 қыркүйек күні «Бірінші сыныпқа бейімделуге көмек» тақырыбында 1сынып оқушылары үшін тренинг сабақ ұйымдастырылды. Қатысқан оқушы саны: 13

Мақсаты: Бірінші сынып оқушыларын жаңа әлеуметтік даму жағдайына бейімделу кезеңінде психологиялық- педагогикалық қолдау жасау. Бірінші сынып оқушыларында пайда болуы мүмкін мектептік бейімсіздену және мазасыздықтың алдын-алу жұмысын жүргізу. Сабақ барысында оқушылардың арасында жағымды қарым-қатынас орнату, сыйластыққа, ауызбіршілікке тәрбиелеу мақсатында ойын-жаттығулар жүргізілді



16 қыркүйек күні 7сынып оқушылары үшін «Қауіпті жағдайлар.Сыпайы бас тарту» тақырыбында тренинг сабақ жүргізілді.

Мақсаты: Қауіптен бас тартқан жағдайдағы әлеуметтік дағдыларды дамыту;бақылау және өзін-өзі қадағалау сәттеріндегі дағдыларды дамыту;қарым-қатынастың вербальды және басқа құралдарды дамыту;әлеуметтік ықтимал қауіпті жағдайларды айыры білу қабілеттерін қалыптастыру; әлеуметтік қауіп жағдайларындағы іс-әрекет амалдары туралы көріністерді дамыту.

17 қыркүйек күні 8 сынып оқушылары үшін «Пікірталас-жанжал емес» тренингі өткізілді.

Мақсаты: жанжал жағдайларында мінез-құлықтың сындарлы (конструктивті) амалдарын дамыту, сенімділік тәжірибесін толықтыру, құрбыларымен зорлықзомбылықсыз өзара сыйласымды қарым-қатынас жасауға дағдылану.



19 қыркүйек күні ерекше назарды қажет ететін оқушы үшін «Ұсақ моториканы, қолдың көрі-қимыл үйлесімділігін және зейінді дамытатын ойын, жаттығулар жүргізілді.



23 қыркүйек күні 9сынып оқушылары үшін «Реніштен арылу» тақырыбында тренинг сабақ жүргізілді.

Мақсаты: - өз-өзін ұстай білуге үйрету; басқаларға қиындық туындаған уақытта көмек көрсету мен өзгенің қайғысына, қуанышына ортақтаса алуға үйрету.

24 қыркүйек күні 10-11 сынып оқушыларымен «Мен өзімді мақтай аламын» тренингі өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларды күйзеліске қарсы тұра алуға дағдыландыру



Қыркүйек айындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді.



А.А.Жакасов
Э.Н.Кудайбергенова